

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/WHCS8850>

***Ш. А. Кыяхметова, М. Т. Джакыпбекова,
М. М. Имангазинов, Н. Мырзабек**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

*e-mail: aset_shara@mail.ru

XXI ҒАСЫР КОНТЕКСІНДЕГІ І. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЛЫ АЛҒАШҚЫ ӘДЕБИ-СЫНИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Ұлттың рухани деңгейін танытатын әдебиеттану ғылымы бүгінгі дәрежесіне дейін түрлі даму жолдарынан өтті. Ол көнеден көркемдікке, жалпыдан нақтылыққа дейінгі осу жолдарында түрлі қоғамдық көзқарастарды бастан кешірді. Қазақстанда әдебиеттану ғылымының пайда болуы, қалыптасуы, жетілуі ұлт тарихы секілді талай кезеңдерді бастан өткерді. Ұлт мәдениетін тану кезінде сырттан таңылған қасаң талаптарға тәуелді болды. Ол әдебиет зерттеушілерінің адымын аштырмады, айтарын анық айтқызбады. Солай бола тұрса да өресі биік тұлғалар тарапынан ұлттық, әдеби-сыни ой-пікірлер айтылып отырды. Ол әдеби айтыстан, жеке мақаладан, оқулықтардан монографияға дейінгі еңбектерді тудырды.

Бұл мақалада І. Жансүгіров шығармашылығының зерттелуін әлеуметтік-тарихи процестермен байланыстыра қарастыру арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының даму ерекшеліктеріне талдау жүргізілді, қазақ әдебиетінің ғасыр басындағы дамуының ішкі заңдылықтары ашып-айқындалды.

Әдебиеттің тұтас бір дәуіріне – күрделі әрі қайшылығы мол дәуіріне қатысты жаңа деректер, тың ой-пікірлер, толымды ғылыми жинақтаулар, сыни талдаулар қосылды. Лиияс Жансүгіровтің шығармашылығын бағалауда ұзақ жылдар бойы кеңестік жүйенің саяси ұстанымдарымен жазылып, бағаланып, сараланып, танылған көзқарастар ығыстырылып, қазақ әдебиеттану ғылымының кейінгі кезеңдегі тың зерттеу бағыттарындағы озық ұстанымдар, жаңаша пайымдау, тың нәтижелер негізге алынды. Қаншама жыл бойы

құрсауда болған шығармашылық ой сыртқа шықты, тыйым салынған ойлар мен пікірлер айтылды.

Әдеби айтыстар төңірегінде талдаулар ұсынылды, ұлт әдебиетінің ауыр жүгін арқалаған Ілияс шығармашылығының зерттелуінің алғашқы кезеңі жөнінде кең көлемді мағлұматтар берілді. Әдеби даму заңдылықтарының басты ерекшеліктері сараланып көрсетілді.

Кілттік сөздер: XX ғасыр, әдеби сын, әдеби бағыт, топ, әдеби процесс, көркемдік қоғамдастық, қазақ әдебиеттану ғылымы.

Кіріспе

XX ғасырдың алғашқы кезеңі – жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы ең бір жемісті де қайшылықты кезең. Қазақ әдебиеті тарихындағы ояну, өрлеу жан-жақты даму, кемелдену уақыты осы тұсқа жағады. Бұл кезеңде қазақ әдебиеті сан қилы саяси-әлеуметтік, қоғамдық оқиғаларды бастан кешірді. Әдеби ағымдар өзара айқасқан, ақын-жазушылардың әрқайсысы әртүрлі бағыт ұстанған, бейнеті мол күрделі кезең болды. Ең бастысы, ол кезеңге саяси баға теріс беріліп келді.

XX ғасыр басындағы әдебиетті алдына қойылған мұраттарымен, туындаған мәселелерімен, идеялық мақсат-мүдделерімен, басты бағыттарымен және жаңа жанр қалыптастырудағы даму ерекшеліктерімен, көркемдік ізденістерімен байланыстыра ғылыми талдау жасау – қажетті іс. Сондықтан да осы кезеңдегі ақын-жазушылардың шығармашылығын жан-жақты зерттеу кейінгі әдеби дамудың түрлі реңдерін аңғару, айқындауға, терең зерделеуге негіз бола алады.

Табиғат берген үздік талантының арқасында үнемі заман құбылыстарымен, ондағы өзгерістермен байланысы толысып, бұлақтан дарияға, солқылдаған жас шыбықтан алып еменге айналған, «поэзиямыздың Абайдан кейінгі биігі» (М. Әуезов) бола білген Ілияс Жансүгіров – күллі қазақ даласының қай түкпірінде де есімі құрметпен аталатын, өзі ғұмыр кешкен уақыттың жыршысы, тамыршысы, жырсуіер жүректің емшісі ретінде танылған ұлы талант. Әдебиет зерттеушісі, ғалым Т. Сыдықовтың сөзімен айтар болсақ: «Ілиясты әсемдік әлеміне жетелеген, ақынды биік тұғырға көтерген, сый-құрметке бөлеген дауылды дарыны мен туа біткен таланты және қасиетті Жетісу топырағы» [1, 8].

Рухани дамуымызға, мәдени өркениетке өз шығармаларымен айтулы үлес қосқан ақынның туындыларын зерттеп, көркемдік сапасын анықтау, талдау, таразылау бүгінгі күннің сұранысы екендігі дау туғызбайды. Оның сан-салалы шығармашылығы жайлы жекелеген мақалалардан бастап, арнайы монографиялық еңбектер жарық көрді. Бұл бірақ Ілияс Жансүгіров

шығармашылығы зерттеліп бітті деген сөз емес. Ілиястану мәселесінің әлі де болса түбегейлі шешілмегендігі анық.

Ілияс Жансүгіров шығармашылығының зерттелуінің алғашқы кезеңі 1928–1937 жылдар аралығын қамтиды. Осы жылдар аралығында Ілияс Жансүгіров шығармашылығы жайлы баспасөз беттерінде және алғашқы зерттеу еңбектерде 70-тен аса әдеби сын жарияланған. Бұларды ілиястанудың алғашқы адымдары деп білеміз.

Араға жиырма жыл салып, Ілияс шығармашылығын зерттеу өз арнасын жалғастырды. Бұл – екінші кезеңі. Олар – 1957 жылдан бері жазылып жатқан зерттеулер мен монографиялар, мақалалар және қазақ әдебиетінің ғылыми-теориялық мәселелерінде кездесетін Ілиястың шығармашылығына қатысты ой-пікірлер, талдаулар.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысанына сәйкес Ілияс Жансүгіров шығармашылығына қатысты мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған әдеби-сыни мақалалар алынды. Мақала тақырыбын ғылыми тұрғыда таныту мақсатында шетелдік Ю. Боров [2], Л. Репина [3], О. Кириллина [4] сынды ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Зерттеу мақсатына қол жеткізуде, ең алдымен, XX ғасыр басындағы Ілияс Жансүгіров шығармашылығына қатысты мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған әдеби-сыни мақалалар жинақталып, нақтылау, сұрыптау, салыстыру жұмыстары жүргізілді. Жинақталған материалдар негізінде зерттеу тақырыбына сәйкес қорытынды тұжырымдар жасалды. Ғылыми деректермен дәйектеуде теориялық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу мақсаты аясында талдау, жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында қазақ ақын-жазушылар арасында қызу айтыс жүрді. Қаламгерлер екі топқа бөлінді: ұлтшыл-байшыл жазушылар және пролетариат жазушылары. 1925 жылы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты» деген қаулы шыққаннан кейін әдебиет төңірегіндегі айтыс онан әрі өртше қаулап қоя берді. «Пролетариат жазушылары» дегендер күшейіп, ұлтшыл-байшыл жағында деген әдебиет қайраткерлері сыннан көз аша алмады. Мұндай өзекті мәселелер орыс әдебиеттануына да тән еді. Зерттеуші А. Б. Есин өз еңбегінде Пушкиннен Чеховқа дейінгі орыс классикалық әдебиетінде әлі де болса осы уақытқа дейін өз бағасын ала алмай жатқан ақын-жазушылардың бар екендігін айта келе, солардың бірқатарының шығармашылығын жаңаша көзқараспен бағалайды [5, 112].

Т. Қожекеев 1920–30 жылдардың аласапыран арпалыс дәуірі болғандығын зерттеу мақаласында ерекше атап өтеді. «Жаңа құрылыс

пен ескі арасындағы өліспей беріспес күрес жүріп жатты. Жүзшілдік пен жікшілдік те, тапшылдық пен топшылдық та, жершілдік пен рушылдық та осы жылдарда кең құлаш жайған. Бұл содырлы, сойқанды алыс-жұлыс айқасқа мемлекет, қоғам қайраткерлері де, әдебиет, мәдениеттің алтын дінгектері де тартылған. Сол арпалысқа азаматтық пен шығармашылық өмірі осы жылдармен тұспа-тұс келген Ілияс та араласты. Бұл талас-тартыста ол да бірде жықты, бірде жығылды, бірде жақтау сөз естісе, бірде даттау сөз естіді. Бірақ көп ретте ірілік танытып, биіктен көрініп отырды» [6, 389].

Ілияс Жансүгіровтің тұңғыш өлендер жинағы «Сағанак» деген аппен 1928 жылы Қызылорда қаласында басылып шықты. Сәбит Мұқанов осы жинақтың шығуы туралы былай дейді: «1927 жылы Қызылорда қаласында Смағұл Садуақасовтың үйінде Ілияспен таныстым. Ол кезде мен Қазақстан мемлекеттік баспасының Бас редакторы едім. Ілияс жиырма баспа табақтай қолжазбасын баспаға әкеп тапсырды да, өзі Москваға оқуына жүріп кетті. Жинақты әуелі өзім оқып шықтым. Одан алған әсерім: басым көпшілігінің өлеңдік, сөздік жағы жақсы екен. 20 шақты баспа табақтай көлемі бар қолжазбадан 3–4 баспа табақтай ғана өлең таңдап алдым. Жинаққа редакцияның тапсыруымен қысқаша беташар сөз жаздым» [7, 2]. Оның беташар мақаласында Ілиястың қара шаруа ақыны екендігі, кедейге бетін азырақ бұратындығы, таптық бейнесі айқын еместігі, «ел» деген сөзді көп қолданатындығы, мұндай пікірдің кате екендігі, бірақ Ілияс кей жерінде жалшылар туралы, аз да болса айтатындықтан, одан үміт күтуге болатындығы жайлы жазылған. Ілияс бұл айтылған сынды көңіліне ауыр алып, «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылғы 5 сәуірдегі санына «Бетім анадай емес, мынадай» деген қарсы мақала жариялап, Сәбитпен айтысқа шығады. «Кітапты шыққанда бір-ақ көрдім. Сауатсыз, қатесі қалың. Өзім лайықтаған бөлімдерге бөлінбеген. Сәбиттің мұнысы – бұқпантайлық, жасырынбақ» дей келіп, «мен туралы есепсіз, жауапсыз жазылған сындарды пайдаланып, теріс пікір қалыптастыруды мақсат еткен. Мен осы елдің жайған керегесінің «сағанағымын». Мен сенгенімді айтам, сезгенімді жырлаймын. Айтатыным – рас, жырым – шын. Ешкімнің құбыжығынан қорқып, құрығына түсіп, «бике» бола алмаймын,-дей келіп, өзінің жолының айқын екендігін, ешкімге жаулық тілемейтінін, саясатты дұрыс түсінетінін айтады». Ілиястың бұлайша сөйлеуіне түрткі болған – сынның негізсіз жазылуы. Сәбит Мұқанов Ілиястың өсу, даму жолын, оның тақырып, мазмұн, түр ерекшеліктерін көрсетпей, ақын шығармаларына саяси тұрғыдан келген. «Өлеңнің ішінде өте көркемдері де, орташа көркемдері де, төмендері де бар» деген екіұштылау пікірі де шындыққа жанаспайды. Осы айтыстан кейін екеуінің арақатынасына кірбің түседі. Бес күннен кейін газеттің 11 сәуір күнгі санына Ілиясқа жауап ретінде Сәбит Мұқановтың «Бас асаулық» деген мақаласы басылады. Қияли

бальмонтшылдық, мағжаншылдық басым деп, кінәлайды. «Мен жолдастық ретімен сипай қамшылап едім. Мұндай қастық көретінін білгенімде, «Беташарда» талай қоңырау тағылатын еді, не керек, бармағымды тістеп отырғаным... Қамшымды сыбағасына лайық қылып баса алмадым! Арманым көп» деп өкіне отырып, өткір тілімен Ілиясты сынап, оны «жолбике ақын» қатарына қосады. Бас асаулықты қою керек» [8, 17], – дейді. Десек те, «Сағанақ» жинағына жазылған Сәбит Мұқановтың беташары Ілиястың шығармашылық еңбегі туралы тұнғыш рет айтылған сөз болуымен құнды.

Бұдан кейін Ілияс жиі-жиі сынның қарауылына ілінеді, өзі де айтысқа түседі, қорғанады, пікірін білдіреді, осылайша сынала жүріп, сынап жүріп, шығармашылық тұрғыда есейеді, қаламы ұшталады. «Ілиястың баспасөзге, әдебиетке келген бетте-ақ пікір таласына, сөз сайысына сарабдал, айтыса қалса, қарсыласын жүйеге алып та жығар, шалып та жығар тілмар, пікіртапқыш, сөзбен қаққыш адам болғандығын Т. Қожекеев жоғары бағалайды.

Ғаббас Тоғжанов «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабында 1920-шы жылдан бергі қазақ әдебиетіндегі табыстарды қорытындылап, жеке ақын-жазушылардың шығармашылығына талдау жасаған. Кітабында Ілиястың «Сағанақ» жинағындағы өлеңдері мен соңғы жылдары шыққан шығармаларын қарастырған. Ілиястың талантты ақын екендігін, оның өз беті барлығын және жылдан-жылға қаламы ұшқырланып, адымы кеңіп, өсіп келе жатқандығын ерекше ықыласпен атап өтеді. Дегенмен 1926 жылға дейінгі шығармашылығына ұлтшылдық айдарын тағады. «Майдан» өлеңінде ұлтшылдықтың, «Ауылдың алды», «Көктемде», «Әнші» өлеңдерінде идеяшылдықтың, халықшылдықтың әсері бар», – дейді. Ілиястың «Қосаяқ», «Толғау» атты өлеңдерін сынауға, солардан біздің негізгі бағытымызға жат ойлар іздеуге жұмсалған, оларды идеялық жағынан жат шығармалар етіп көрсетіледі. Дұрысында, бұл өлеңдер идеялық, көркемдік дәрежесі жоғары, поэзиямызға түр жағынан да, мазмұны жағынан да елеулі үлес болып қосылған, үлкен саяси-әлеуметтік мәселелер төңірегінде келелі пікір қозғаған шығармалар. Әдеби сынның идеялық әлсіздігі, сыншының теориялық дәрежесінің төмендігі, әдеби құбылысқа тұрпайы социологиялық тұрғыдан қарауы Ілияс шығармаларын сөз еткен бөлімде айқын ізін қалдырған.

Жақан Сыздықұлы «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылдың 24 сәуіріндегі санында шыққан «Ақын-жазушыларымыз туралы» атты мақаласында: «Бейімбет, Сәкен, Сәбит, Ілиястар бірсыпырадан қаламын қолға алып, жазып келеді. Ғабит, Асқар қаламын қолға алғалы едәуір болып қалды. Бұлардың бір де біріне әлі тиіскеніміз жоқ, сынағамыз жоқ, тәрбиелегіміз жоқ. Бар болғаны сөз арасында ғана айтылып жүр. Керегі келген жерде мысалға алынып жүр», – деп, әдеби сынға көңілі толмай жүргендігін жазады. Өзара сынның беталысы

күшейді. Әдебиетте жікке бөліну пайда болды. Ақын-жазушылар бір-бірін сынау үшін өз араларынан қолдан жасаған «жікшілдікті» іздей бастайды.

Ілияс «Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылдың 17 ақпандағы санына «Жікке жол жоқ» деген көлемді мақаласында сәкеншілдікті қатты сынға алады. С. Мұқанов «Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылғы 22 сәуірдегі санында жарияланған он бес беттік мақаласының «Жансүгіровпен жігіміз» деген тарауында Ілиясқа «қожановшыл ақын» деген айып тағады. Ілияс төңкеріске қарсы Қожановтың жігінде болды деп бетіне басады. Сәбит кейіннен жазған бір мақаласында: «Менде бір үлкен кемшілік бар. Ол – Ілияс жолдасқа әлі толық түзу қарай алмай жүруім. Бұл кемшілігімді түзету – менің борышым» деп, теріс ойынан қайтқандығын ескертеді.

Әбділда Тәжібаев «Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылғы 2 қарашадағы санында шыққан «Ілияс туралы бір-екі сөз» атты мақаласында Ілиястың жолбикелігін дәлелдеуге арнаған. Бұдан бұрын Ғаббас Тоғжановтың «Ілияс бір кезде ұлтшылдықты, халықшылдықты, жікшілдікті қолдады» дегенін Әбділда шынайы тұжырым ретінде қабылдаған. Сол кезде сынға көп ұшыраған «Ызалы қиял», «Қиял өмір», «Өмір-көмір» сияқты өлеңдері ақынның кей шақтардағы көңіл күйіне және кейбір асыра сілтеушіліктің жеке фактілеріне байланысты туған. Әрине, ақын шығармаларының қай-қайсысын алсақ та уақыт тынысы, заман лебі есіп тұрады. Уақыт тынысы дейтініміз – заман ағымының ыңғайы қалай бет алса, солай қарай ығу.

Ғаббас Тоғжанов «Жолдастық хат» мақаласында: («Еңбекші қазақ» газеті, 20 қазан 1930ж.) «Әбділда жолдас, Ілиясты «жолбике» қатарына қосуға бола ма? Әрине, болмайды. «Жолбике» болса, ҚазАПП ұйымына мүше қып алуға бола ма? Әрине, болмайды. Рас, әлде де болса Ілиястың кемшіліктері мол. Қыңыр тартып жүрген Сәбит, одырайып, оқшау жүрген Ілияс, еңсесін көтермей сылбырлау жүрген Бейімбет» деп, бейнелей келіп, үшеуіне ҚазАПП-ты құру жөніндегі ұйымдастыру бюросының атынан жазған хаттарында бар сырларынды айтпапсындар», – деп өз ойын білдіреді. Оның ойынша, үшеуі де өз қателерін мойындап, нақты жазып көрсетулері керек екен. Дегенмен, Ғаббас сол жылдары жазған сын, зерттеу мақалаларында Ілиястың әсіресе түр жағынан ізденулеріне ризашылығын білдіреді.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылғы 2 қарашадағы санында М. Қайыпназарұлы мен Қалымбекұлының «Ілияс жолбике емес» деген мақалалары шықты. Ғ. Мүсірепов «Әдебиеттегі жікшілдікке қарсы», С. Мұқанов «Жікке қарсы жік», Ө. Мұсаұлы «Жікшілдіктің түбі жолбикелік» деген мақалалар жазып, әдеби айтысты жандандыра түседі. Міне, осылайша қаламгерлер бір-бірінің шығармаларынан жат ниет іздеп, сынның сойылын соға берді. Бұл өзара саяси айыптасулар олардың өздерінің бастарына қара бұлт үйіреді. Мұндай қызу талас-тартыс қазақ зиялыларының екінші рет

қамауға алынуына әкеп соқтырды. Төңкеріске дейінгі кезеңнің аса көрнекті бірқатар ақындарының шығармашылығын жазғыруды күшейтіп, сол кездегі маңдай алды әдебиетшілерді қуғындауды өршітті. Нәтижесінде көркем әдебиет партиялық істің бір бөлшегі, саясат пен идеологияның сойылын соғар белсенді құралы бола бастады да, сын мен әдебиеттану жаңа эстетика мен теорияның қасаң қағидасының құрсауына түсті. Табиғи даму заңдылығынан айырылып, лениндік «екі түрлі мәдениет» туралы қағида ықпалында бір қалыптағы ойлау жүйесінде қалуға душар болды. Міне, осылайша «түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет» жасау мен социалистік реализмді теориялық негіздеуге мәжбүр болды. Осы тұста «сыншының басынан кешетін эмоциялық жай-күйінің сынға еш қатысы болмау керектігі, шыншыл сыншы өзінің міндетін жақсы орындайтындығы, ондай сыншының еңбегі жемісті болатындығы және сынның шығарманың туу тарихына, белгілі бір жағдай мен оқырман қабылдауына да байланысты екендігін атап көрсеткен Джули Ривкиннің [9] пікірін мойындамасқа болмас.

Қаламгерлер арасындағы айтыс-тартыстар басқа бағытқа бұрылды. Нағыз қанды қырғын жасайтын тілдеу, ғайбаттау, жала жабу сипатын ұстанған мақалалар басылым бетінде үсті-үстіне жарияланып жатты. Ілияс шығармашылығына да, жеке басына да қара бұлт үйірет материалдар шыға бастайды. 1937 жылдың көктемінде-ақ: «Жансүгіров Ілияс Кировтің өліміне арнап жазған өлеңінде қате жібереді. Ол қатенің өзі де анау – мынау қате емес, үлкен қате. Артынан түзеу орнына «Жауырды жаба тоқып жүре берді» деген сөзді естиді. «Жансүгіровтің редакциясымен 1935 жылы шыққан Сүйінбайдың кітабы ұлтшылдықпен жазылған. Ол кітапта қазақты қырғызға өшіктіріп айдап салатын тұстар бар» деген ауыр айып тағылды.

Осы орайда айтылған профессор М. Имангазиновтің: «Бұл пікірлер – бүгінгі тәуелсіздік таңын бастан кешіп, егемендігімізді жаһан таныған, ешкімге жалтақтамай, еркін тыныстап отырған заманда лайықсыз, көнерген уәж. Социалистік реализм талабы ауызға сөз салып, желкеден қышқашпен қысқан заманның қисыны» деген пікірі шындыққа саяды [10, 84]. Деректанушы ғалым Тоқтар Бейісқұлов қазақ зиялыларынан ұлтшылдық мін іздеу, алашордашылық пен троцизмге «бүйрегі бұрғандығын» тізбелеу, көркем шығармадағы байшылдық салт-сананың белгілерін сынау қауырт қолға алынып, соңы 1937 жылғы «халық жауларын» жаппай әшкерелеу науқанына ұласқандығын архив құжаттары негізінде дәлелдеп жазады [11, 182]. Бұл сипаттағы мақалалардың ақыл-парасатқа тоқтау салып, гуманистік адамгершілікке қаяу түсіргені, қазақ зиялыларының ұсталып кетуіне, қуғын-сүргінге ұшырауына себепкер болғаны ащы да болса, шындық. Десе де сол кезеңдегі саясат жетегінде кетпеген эстетикалық сыни

полемикалық сипаттағы мақалаларда сөз өнерінің шын мәніндегі көркемдік табиғатын басты орынға қоя білгенін ерекше атау қажет.

Көп ұзамай Илияс Жансүгіровке әртүрлі айыптар мен жалалар жабылып, «халық жауы» атанып, қазақ зиялыларының басым бөлігімен бірге әділетсіздіктің құрбандығына шалынып, оның шығармашылық өмір жолы осылай оқыстан аяқталады. Илияс туралы сөз де тоқтайды.

1937–38 жылдың қасіреті халық тарихына өз зұлматын, өз трагедиясын өзінің қанды бояуларымен жазып кетті. Қазақ халқы елім деп еңіреген ерінен, көш бастаған талай көсемінен осылайша айырылды. Қоғамда жасқана қарайтын, қорқақ, дәрменсіз ұрпақ пайда болды.

Жетпіс жылдан аса өмір сүрген кеңестік дәуір тұсында әдеби жәдігерлеріміздің бір жақты бағаланғаны белгілі. Елімізді бодандық қыспағында ұстаған тоталитарлық жүйенің сыңаржақ саясатының қылбұрауы рухани қазыналарымызды толық игеруге мүмкіндік бермеді. Мызғымас Одаққа айналған кеңестік дәуір тұсында таптық, атеистік, коммунистік идеология әдебиетке өз үстемдігін жүргізіп бақты. Соның салдарынан қазақ әдебиетінің көптеген көрнекті өкілдері ұзақ уақыт бойы қудаланып, олардың асыл туындылары халық игілігіне қызмет ету мүмкіндігіне ие бола алмады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (грант № AP19680053).

Қорытынды

Ғасырлар тоғысындағы ел өміріндегі зор трагедиялар қоғам дамуына, адам санасына, әдебиет, өнер, ғылым салаларының өрістеуіне теріс әсерін тигізіп-ақ бақты, қалам қайраткерлері қанша қуғын-сүргін көріп, қуғындалып, атылып жатса да, өнердің ұлы арнасы құрғап қалмай, ұлттың рухани көші ілгері басты. Демократиялық, ағартушылық, ұлттық идеялар мен көзқарастар әдебиеттің табиғатына, дамуына айқын әсер етті. Әдебиеттің рухы үстем шығып, әріден жалғасқан әдеби үрдістің сан соқпақты даму жолдарын түйістірді. Бұл кезең, ең алдымен, ұлттық рухтың беріктігімен, елдік, мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылған ой-мақсаттардың айқын, нақты көрінуімен ерекшеленеді.

Илияс Жансүгіров Қазақстанның көркем мәдениетінің ең күрделі кезеңінде өмір сүрді, әдебиет майданында жиырма шақты ғана жыл қауырт еңбек етті. Көп уақыты кеңес құрылысының бастапқы арпалысы, шиеленіс-күресі, қайшылығы, қиындығы кезеңіне дөп келді. Әйтсе де, саяси-әлеуметтік оқиғаларға күнделікті атсалыса жүріп, асығыс болса да көркем туындыларын дүниеге әкелді. Ол қазақ әдебиетін озық идеялы, терең мағыналы, көркемдігі тұтасқан туындыларымен байытты. Көркем шығармашылықтың танымдық-

эстетикалық әлеуетін күшейтті, әдебиеттің жаңа жанрларының, түрлерінің, әдістерінің пайда болуына ықпал етті. Олардың құндылығы да сол. Себебі біз осы шығармалардан уақыт тынысын, дәуір үнін, замана көрінісін, күрделі құрылысымыздың бейне-сипаттарын айқын көреміз.

Ілияс Жансүгіровтің әдеби мұрасын жан-жақты, тереңдеп зерттеп, игеру – үнемі даму үстінде болатын құбылыс. Қазақ әдебиеттану ғылымының алдағы міндеттерінен түспейтін өзекті мәселе болып тұра бермек. Өйткені Тәуелсіздік талабы қаламгерлердің беймәлім қырларын ашып-айқындап, ғылыми тұрғыда зерттеуді мұрат етеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Сыдықов, Т.** Ілияс Жансүгіров ХХІ ғасыр көзімен. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 440 б.

2 **Борев, Ю.** Эстетика. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.

3 **Репина, Л.** Тарихи білім тарихы: Академиялық бакалавриатқа арналған оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова; жалпы редакциясын басқарған Л. П. Репина. – 4-басылым. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 235 б.

4 **Кириллина, О.** Русская литература: теоретический и исторический аспекты. – М. : «Наука», 2011. – 120 с.

5 **Crews, Frederick C.** «literary criticism». Encyclopedia Britannica. [Электронды ресурс]. – <https://doi.org/www.britannica.com/art/literary-criticism>.

6 **Есин, А.** Русская литература в оценках, суждениях, спорах. – М. : «Флинта», 2011. – 340 с.

7 **Қожекеев, Т.** Ірілік. – Кітапта : Дария кеуде, тау мүсін. Құрастырған: Қыяхметова Ш. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 644 б.

8 **Мұқанов, С.** Беташар. – Кітапта : І. Жансүгіров. Сағанак. Таңдамалы өлеңдер. – Қызылорда, 1928. – 120 б.

9 **Мұқанов, С.** Бас асаулық // «Еңбекші қазақ» газеті, 1928, 11 апрель. – 3 б.

10 **Julie Rivkin, Michael Ryan.** Literary Theory: An Anthology, 3rd Edition. ISBN: 978-1-118-70785-2 February 2017 Wiley-Blackwell 1648 Pages.

11 **Имангазинов, М.** Ілияс Жансүгіров өмірі мен шығармашылығы. – Алматы : «Кітап» баспасы, 2006. – 252 б.

12 **Бейісқұлов, Т.** Құлагер акынның қазасы. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 304 б.

References

1 **Sydyqov, T.** Ilyas Zhansügirov XXI ғасыр көзімен [Ilyas Zhansugurov through the eyes of the 21st century]. – Almaty : «Bayanzhyrek» баспасы, 2019. – 440 p.

2 **Borev, Yu.** Estetika [Aesthetics]. – Almaty : «Ülttyq audarma byurosy» қоғамдық қоры, 2020. – 408 p.

3 **Repina, L.** Tarihi bilim tarihi: Akademiyalyq bakalavriatqa arналған oqulyq / L.P. Repina, V.V. Zvereva, M.Yu. Paramonova; zhalpy redakciyasyn basqarğan L.P. Repina [History of historical knowledge, textbook for academic bachelor's degree]. – 4-basylym. – Almaty : «Ülttyq audarma byurosy» қоғамдық қоры, 2019. – 235 p.

4 **Kirillina, O. M.** Russkaya literatura: teoreticheskij i istoricheskij aspekty [Russian literature: theoretical and historical aspects]. – Moscow : «Nauka», 2011. – 120 s.

5 **Crews, Frederick C.** «literary criticism». Encyclopedia Britannica. [Electronic resource]. – <https://doi.org/www.britannica.com/art/literary-criticism>.

6 **Esin, A. B.** Russkaya literatura v ocenках, suzhdeniyax, sporax [Russian literature in assessments, judgments, disputes]. – Moscow : «Flinta», 2011. – 340 p.

7 **Qozhekeev, T.** Irilik. – Kitapta : Dariya keude, tau mysın [Greatness. In the book: A Personality with a Great Soul]. Qūrastyрqan: Kyyaxmetova Sh. – Almaty : «Bayanzhürek» баспасы, 2019. – 644 p.

8 **Müqanov, S.** Betashar. – Kitapta : I.Zhansügirov. Saqanaq. [Betashar. – In the book: I. Zhansugurov. Saganak.] Таңдамалы өлеңдер. Kyzylorda, 1928. – 120 p.

9 **Müqanov, S.** Bas asaulyk [Not an inclination] // «Eñbekshi qazaq» gazetі, 1928, 11 aprel. – 3 p.

10 **Julie Rivkin, Michael Ryan.** Literary Theory: An Anthology, 3rd Edition. Wiley-Blackwell February, 2017. ISBN: 978-1-118-70785-2 – 1648 p.

11 **Imangazinov, M.** Ilyas Zhansügirov ómiri men shyqarmashylyqy [Life and work of Ilyas Zhansugurov]. – Almaty : «Kitap» баспасы, 2065. – 252 p.

12 **Bejisqulov, T.** Qūlager aqynnyñ qazasy [Death of the poet Kulager]. – Almaty : «Bayanzhürek» баспасы, 2019. – 304 p.

09.08.23 ж. баспаға түсті.

17.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ш. А. Кыяхметова, М. Т. Джакыпбекова, М. М. Имангазинов,

Н. Ж. Мырзабек

Жетысуский университет имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Поступило в редакцию 09.08.23.

Поступило с исправлениями 17.01.24.

Принято в печать 25.02.24.

ПЕРВЫЕ ЛИТЕРАТУРНО-КРИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ О ТВОРЧЕСТВЕ И. ЖАНСУГУРОВА В КОНТЕКСТЕ XXI ВЕКА

Литературоведение, отражающее духовный уровень нации, прошло различные пути развития до сегодняшнего дня. Оно испытало различные общественные взгляды на пути роста от древнего к художественному, от общего к конкретному. Как и история нации, зарождение, становление, совершенствование литературоведения в Казахстане прошло много этапов. Признание национальной культуры было обусловлено строгими требованиями, навязанными извне. Они не позволяли литературоведам наступить и шагу, не позволяли открыто говорить о том, что им нужно. Тем не менее, со стороны выдающихся личностей высказывались национальные, литературно-критические мнения. Они породили произведения, начиная от литературного айтыса, отдельной статьи, учебников и заканчивая монографией.

В данной статье проведен анализ особенностей развития казахской литературоведческой науки путем соотнесения изучения творчества И. Жансугурова с социально-историческими процессами, раскрыты внутренние закономерности развития казахской литературы в начале века.

К целой эпохе литературы – эпохе сложной и противоречивой – были добавлены новые данные, свежие мысли, исчерпывающие научные накопления, критический анализ. В оценке творчества Ильяса Жансугурова были обоснованы передовые позиции, новые рассуждения, новые результаты в новых исследовательских направлениях на более позднем этапе казахского литературоведения и были вытеснены общепризнанные взгляды, написанные, оцененные, проанализированные с точки зрения политической позиции советской системы на протяжении многих лет. Творческая мысль, которая была в ловушке столько лет, вырывалась наружу, высказывались запретные мысли и мнения.

Был представлен анализ литературных айттысов, дана обширная информация о первом этапе изучения творчества Ильяса, которое несет в себе большую нагрузку национальной литературы. Выделены основные черты закономерностей литературного развития.

Ключевые слова: XX век, литературная критика, литературное направление, группа, литературный процесс, художественная общность, казахская литературоведческая наука.

**Sh. Kiyakhmetova, M. Jakypbekova, M. Imangazinov, N. Myrzabek*

Zhetysu University named after I. Zhansugurov.

Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

Received 09.08.23.

Received in revised form 17.01.24.

Accepted for publication 25.02.24.

THE FIRST LITERARY-CRITICAL RESEARCHES ON THE WORKS OF I. ZHANSUGUROV IN THE CONTEXT OF THE XXI CENTURY

Literary criticism, reflecting the spiritual level of the nation, has gone through various development paths to the present day. It has experienced various social views on the path of growth from the ancient to the artistic, from the general to the concrete. Like the history of the nation, the origin, formation, and improvement of literary studies in Kazakhstan have passed through many stages. The recognition of national culture was conditioned by strict requirements imposed from the outside. They did not allow literary critics to take a step, they did not allow them to openly talk about what they needed. Nevertheless, national, literary and critical opinions were expressed by prominent personalities. They gave rise to works ranging from a literary aitys, a separate article, textbooks and ending with a monograph.

This article analyzes the peculiarities of the development of Kazakh literary science by correlating the study of I. Zhansugurov's work with socio-historical processes, reveals the internal patterns of the development of Kazakh literature at the beginning of the century.

New data, fresh thoughts, exhaustive scientific accumulations, and critical analysis were added to the whole era of literature – an era of complex and contradictory. Evaluating the work of Ilyas Zhansugurov, advanced positions, new reasoning, new results in new fields of research were justified at a later stage of the development of Kazakh literary studies and generally accepted views written, evaluated, analyzed from the point of view of the political position of the Soviet system over the years were

replaced. Creative thought, which had been trapped for so many years, broke out, forbidden thoughts and opinions were expressed.

An analysis of literary aitys was presented, extensive information was given about the first stage of studying Ilyas's work, which carries a large load of national literature. The main features of the patterns of literary development are highlighted.

Keywords: the twentieth century, literary criticism, literary movement, group, literary process, artistic community, kazakh literary science.

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz